

**«Кескіндеме» пәні бойынша  
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған  
тест спецификациясы**

**1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

**2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

**3. Мазмұны:** «02140100 - Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша)» мамандығы, 3W02140101 - Көркем құю қалыптаушы, 3W02140102 - Көркемөнер бұйымдарын дайындаушы, 3W02140103 - Музыкалық аспаптар дайындаушы, 4S02140104 - Сәндік қолданбалы өнер суретшісі біліктіліктеріне арналған «Кескіндеме» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
1	Натюрморт	1	Натюрморт. Күрделі натюрморт интерьерде
2	Портрет	2	Модельдік сипаты әр түрлі бейнелерге қысқа мерзіміндегі этюд.
3	Портрет (йығымен)	3	Ашық фондағы адам бас бейнесі (йығымен).
4	Жартылай адам денесі	4	Жартылай фигура (тізесімен). Жалаңаш дене бітімі.
5	Толық тұтас адам денесі	5	Матамен көркемделген фондағы бір аяғына салмақ түсірген натура.
6	Жалаңаш адам толықтай бейнесі	6	Жалаңаш адам толықтай бейнесі (анатомиялық ер мен әйел айырмашылығы).
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

**4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**

**Натюрморт:** Форматтың композициялық ұйымдастырылуы, түстердің айырмашылығын табу. Акварель, гуашь, майлы бояудың әр түрлі техникасымен жазып уйрену.

**Портрет:** Бастың анатомиялық құрылымын сауатты беру, түспен, реңін қалыбымен байланыстыру, бейненің ерекшелік айырмашылығын көрсету.

**Жартылай адам денесі:** Форматта үйлестіру шешімі, адам пропорциясының құрылымын талдау, басты кеудесімен біріктіріп қол ұшымен жазықтықта орнықтыру, бастың бет бөлшектері (мұрын, ерін, көз) қойылымның түстік, реңдік үйлесімділігін байланыстыру.

**Толық адам денесі:** Модельдің конструктивті-анатомиялық құрылымын беру, қойылымға жарық, көлеңкесін шешу, колористік біртұтастыққа жеткізу, адам денесін кеңістікпен байланыстыру.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:**

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

**8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Перевод Яковлева Н. К.. Свет и цвет в живописи. Особенности изображения, Издательство Мир книги 2010

2. Никодеми Г. Б., Техника живописи, Эксмо 2004

3. Яшухин А.П., Ломов С.П., Живопись, М., Агор, Рандеву, 1999г.

4. Кирцер Ю.М., Рисунок и живопись, М., Высшая школа, 1992г.

Қосымша әдебиеттер:

1. Перевод Яковлева Н. К.. Натюрморт. Особенности жанра и композиции. Изд. Мир книги 2010

2. Перевод Н. М. Гончарова., Полный курс акварели., Астрель 2012

3. Константин Стерхов., Мастера акварели. От классики к современному искусству., Планета музыки 2014

7. Ричард Тейлор., Мастер-класс. Обнаженная натура шаг за шагом., Изд. Астрель 2007

Электрондық оқулықтар:

1. [www.internet-school.ru](http://www.internet-school.ru)

2. [art.m9.ru](http://art.m9.ru)

3. <http://board.refers.ru/board>

4. [www.artdekoroom.ru](http://www.artdekoroom.ru)

5. диапозитивы

6. макеты и муляжи